

Балтасап негізгі мектебі бойынша 2022-2024 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау бойынша талдамалы анықтама

ҚР “Білім туралы” Заңының 5-бабының 21-2) тармақшасы мен ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы негізінде, 2023 жылғы 14 тамыздағы №9 педагогикалық кеңестің шешімімен өзін-өзі аттестаттау өткізілді. нәтижесінде талдамалық анықтама жасалынды. Мектептің өзін-өзі аттестаттауы келесідей комиссия құрамымен өткізілді:

1. Адамов Хималиден Бейсенбаевич - комиссия төрайымы, мектеп директоры.
2. Нығызбаева Жаныл Жумабаевна-комиссия мүшесі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.
3. Сергазина Каршыга Болатовна -комиссия мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
4. Жусупова Марал Амангельдиновна -комиссия мүшесі, кәсіподақ ұйымының жетекшісі.
5. Кожмаганбетова Арайлым Жуматаевна -комиссия мүшесі, ӘБ жетекшісі.
6. Алишева Алтынаш Кундызбековна-комиссия мүшесі, ӘБ жетекшісі
7. Атыгулова Анар Самархановна- педагог-психолог
8. Малгаждарова Жадыра Муратовна-ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Өзін-өзі бағалау кезеңінде Комиссия келесі критерий бойынша тексеру жүргізді:

1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы
2. Кадрлық құрамға талдау
3. Білім алушылар контингенті
4. Оқу-әдістемелік жұмыс
5. Оқу-материалдық активтер
6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор
7. Білім алушылардың білімін бағалау
8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы
9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары
10. Қорытындылар мен ұсыныстар.

1. Мектептің жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының атауы: Павлодар облысы білім басқармасының, Ақтоғай ауданының білім беру бөлімінің “Балтасап негізгі мектебі” КММ.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140205, Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Балтасап ауылы, Мектеп көшесі 2.

Заңды тұлғаның байланыс деректері: телефон-факс: 87184141439, электрондық мекенжайы: baltasap_1978@mail.ru, білім беру ұйымының сайты: <http://baltasapskaya.aktogay-edu.kz/>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Адамов Хималиден Бейсенбаевич ("Павлодар облысы білім беру басқармасының Ақтоғай ауданының білім бөлімі" ММ 18.01.2021 жылғы № 26-7/1-09/22-ж/қ бұйрығы).

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

* Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2021 жылғы 14 қаңтардағы анықтама.

* "Балтасап НМ" КММ жарғысы Павлодар облысы қаржы басқармасының 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 1 бұйрығымен бекітілген

* тұрақты жер пайдалану құқығына акт (актіні «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» комерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалы - Ақтоғай аудандық бөлімшесімен жасалды)

2. Кадрлық құрамға талдау

Тексеру барысында кадрлармен жұмыс жөніндегі барлық нормативтік құжаттардың бар екендігі, жеке құрамды есепке алу кітабы, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітабы уақытылы жүргізілетіні, еңбек шарттары жасалатыны, педагогтардың жеке істері бар екендігі анықталды. Директордың, директордың оқу жұмысы, тәрбие жұмысы, педагог-психологтың, аға тәлімгердің, кәсіптік бағдар берушінің және пән мұғалімдерінің лауазымдық нұсқаулықтары бар.

Кадрлармен қамтамасыз етуді талдау барысында педагог қызметкерлердің сандық және сапалық құрамының келесі нәтижелері алынды. Педагог кадрлардың сапалық құрамы және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары нормативтік-құқықтық базаға сәйкес келеді (7-қосымша, дипломдардың және оларға қосымшалардың көшірмелері, біліктілік санатының деңгейін жоғарылату / растау туралы куәліктер, педагогтер мен басшының біліктілігін арттыру туралы курстардың сертификаттары электрондық форматта қоса беріледі).

Педагог кадрларды, әкімшілік-басқару персоналын іріктеу және орналастыру тиісті бейінді ескере отырып орындалды. 2021 жылғы қыркүйек пен 2024 жылғы қаңтарға арналған педагогтердің штаттық кестесі мен тарифтеу тізімі электрондық форматта қоса беріледі.

Балтасап НМ директоры Адамов Хималиден Бейсенбаевич "Ақтоғай ауданының білім бөлімі" ММ 18.01.2021 жылғы № 26-7/1-09/22-ж/қ бұйрығымен тағайындалған. Еңбек өтілі 29,4 жыл, Білімі жоғары, 2007 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты «Кәсіптік білім» мамандығы бойынша бітірген, біліктілік санаты – педагог. Мемлекеттік білім беру ұйымының басшылары аттестаттаудан өткен жоқ, тест тапсыру уақыты шілде 2024 ж.

Соңғы үш жылдағы педагогтердің сандық құрамы

2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
20	19	21

Осы кестеден көріп отырғанымыздай, 21 педагогтің ішінде 3-еуі МДҰ педагогтері, 1-еуі кітапханашы. Мұғалімдерінің сандық құрамы тұтастай алғанда өсу динамикасы байқалады. Мектебімізге жас мамандар келуде. Диплом бойынша мамандықтың оқытылатын пәнге сәйкестігін талдау келесі нәтижелерді көрсетті: барлық 17 мұғалім тиісті профильдер бойынша сабақ береді. Соттылықтың жоқтығы туралы барлық 21 педагогтердің анықтамалары бар, мектептің іс-жүргізушісі жаңарту бойынша есеп жүргізеді. Анықтамалар жыл сайын жаңартылады, жұмысқа қабылдау кезінде әрбір жаңадан келген қызметкерден осы құжат талап етіледі.

Жасалған шарт негізінде мектептің педагогикалық ұжымы жыл сайын Ақтоғай ауданының емханасында уақтылы медициналық тексеруден өтеді. 2023-2024 оқу жылының басында барлық 21 педагогтің жұмысқа рұқсаты бар, барлық санитарлық кітапшалар бар.

Соңғы үш жылдағы педагогтердің сандық құрамы

Білім беру бойынша педагогтердің сандық құрамы			
Білімі	2021-2022 о.ж	2022-2023 о.ж	2023-2024 о.ж
жоғары	11	13	14
орта арнаулы	9	7	7
Біліктілік санаты бойынша педагогтердің сандық құрамы			
педагог-модератор	1	8	8
педагог-сарапшы	4	4	4
педагог-зерттеуші	1	1	1
жоғары санат	1		
бірінші санат	2	1	1
екінші санат	1		
санатсыз	10	6	7

Бұл кестеде 2023-2024 оқу жылының басындағы педагогтерінің санаттары көрсетілген. Қазыргі уақытта мектебіміздің 8 педагогы санатын көтеруге өтініш берді. Екі педагог 30- жылдық еңбек өтілімен аттесттауың 1-кезеңінен (ПББ) босатылып портфолио қорғау бойынша өтініш берді. Қалған 6 педагог ПББ-ға тіркелу бойынша кезектерін күтуде.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін жоғары кәсіби құзыреттілігі бар педагогтар қажет. Бұл мәселені шешу үшін-мұғалімнің біліктілігін арттыруға бағытталған жұмысты ұйымдастыру. Барлық педагогикалық ұжымның жоғары кәсібилігі Педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысудың нәтижелілігімен көрінеді. Токсанына бір рет, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша педагогикалық ұжым мүшелерінің қатысуының рейтингі мен нәтижелілігіне мониторинг жүргізіледі. Жоғары нәтижелерге қол жеткізген мұғалімдерді ынталандырып, көтермелеуге ұсынылады.

Педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысудың нәтижелілігі

Білім беруді дамыту жағдайында қазіргі заманғы мектепке мұғалімнің жаңа "түрі" қажет - шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, білім берудің заманауи әдістері мен технологиялары, психологиялық-педагогикалық диагностика әдістері, нақты практикалық іс-әрекет жағдайында педагогикалық процесті өз бетінше құру әдістері, өзінің түпкілікті нәтижесін болжай білу.

Мектебімізде педагогтер өз тәжірибелерімен үнемі бөлісіп отырады. Мысалы қаңтар айында ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Малгаждарова Ж.М деңгейлік курстарда алған

білімін, Lesson study туралы ақпаратпен мектепшілік семинар өткізді. «Lesson Study - әдісін сабақта қолданудың тиімділігі» атты семинарда мектептің барлық педагогтері белсене қатысты. Коучингтің мақсаты: Мұғалімдердің кәсіби деңгейін жоғарлатуда, бірлесіп оқушыларды жан — жақты зерттеу арқылы жұмыс жасайтын педагогикалық тәсіл туралы білуге, тәжірибе алмасуға бағыттау. Ал коучингтен кейін күтілетін нәтиже:

- Бұл тәсілдің мұғалімдер мен оқушыларға, оқу мен оқыту сапасын көтеруге мүмкіндік беретін тиімді жақтарымен танысады.
- Өз тәжірибелерінде қолдануға мүмкіндік алады.

Басты идеясы: Визуалды және ауызша түрдегі негізгі ақпарат ұстаздардың тәуелсіз ойлауына және олардың ой қорыту, өзіндік түсініктеме беру қабілетіне ықпалын тигізеді. Топпен болашақта оқушыларды зерттеу сабағын жүргізудегі тиімді жолдарын қарастырады. Малгаждарова Ж.М мектепшілік Lesson study жүргізу координаторы болып бекітілді.

Бүгінгі таңда еліміздегі барлық мектептер оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жаңартылған мазмұн бойынша жұмыс істейді. Сондықтан орта білім беруді сырттай бағалау моделі жетілдірілді. Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингтеу (ББЖМ) енгізілді.

Әрбір мектеп ББЖМ қорытындысы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері туралы ақпарат және білім беру ұйымдарында оқыту мен оқытуды дамыту бойынша ұсынымдар алады.

ББЖМ кейіннен әдістемелік көмек көрсете отырып және білім беру сапасын қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, тестілеу нәтижелерін дайындауды және жүргізуді, өңдеуді және жүйелі талдауды қамтиды.

Бастауыш, негізгі орта білім беру ұйымдарында ББЖМ мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес білім алушылардың білім сапасын бағалау мақсатында жүргізіледі. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында ББЖМ мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес жалпы білім беретін пәндерді және (немесе) кәсіптік модульдерді немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді меңгеру нәтижелерін анықтау мақсатында жүзеге асырылады.

Осы ережеге сәйкес қараша айында біздің мектептің педагогтері де мектепшілік семинар өткізді. Семинар кеңеске мектептегі 2 әдістемелік бірлестіктер бойынша 8 мұғалім қатысты. Бұл семинарда 4-9 сыныпқа сабақ беретін әр педагог оқушылардың ББЖМ арқылы қандай жетістіктерге жетті және қалай жетуге болады туралы өз тәжірибелерімен бөлісті. Өтілген іс-шаралар мазмұны жағынан талапқа сай. Семинарға қатысушылар тыңдалған баяндамалар негізінде тәжірибе алмасты. Семинар соңында өз тәжірибесімен бөлісті атты мектепшілік сертификатпен бөлісті.

Ақпан айында пән мұғалімдері «Нәтижелі сабаққа-тиімді әдіс-тәсіл» атты панорамалық сабақтар айлығы аясында заманауи оқыту формалары мен әдістерін қолдана отырып жаңа форматтағы сабақ беру тәжірибесімен 6 мұғалім бөлісті. Смаилова А.К шағын орталық тәрбиешісі, Кожмаганбетова А.Ж бастауыш сынып мұғалімі, Жусупова М.А Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі, Сергазина Қ.Б музыка пәні мұғалімі, Амирхан М.С география пәнінің мұғалімі, Сыздыкова А.А математика пәнінің мұғалімі сертификатпен марапатталды.

Осындай дағдыларға ие біздің педагогтар түрлі конкурстарда өздерінің кәсібилік деңгейін көрсетеді:

Педагогтың аты-жөні	конкурстың атауы	нәтижесі
Атыгулова А.С	«Цифрлық педагог» аудандық кезең	II орын
Кожмагамбетова А.Ж	«Алтын тұғыр» аудандық кезең Облыстық кезеңде қатысушы сертификаты	I орын
Малгаждарова Ж.М	«Ауыл мұғалімі» аудандық кезең	сертификат

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру

«Балтасап НМ» КММ педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Осы мақсатта педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары бар, ол жыл сайын педагогтердің келуі мен жұмыстан шығарылуын ескере отырып жаңартылып отырылады.

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың мақсаты өз құзыреті шегінде өздерінің кәсіби міндеттерін орындау үшін олардың білімдерін жаңарту және жетілдіру, зияткерлік және мәдени деңгейін арттыру, білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік актілерді зерделеу, мемлекеттік тілді меңгеру дағдыларын жетілдіру, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды игеру болып табылады.

2022-2023 жылдары біліктілікті арттыру бойынша жұмыс келесі міндеттерді шешуге бағытталды:

* курстық дайындық жоспарының орындалуын қамтамасыз ету, оның тиімділігін зерттеу;

* біліктілікті арттыруды ұйымдастыру бойынша пән әдіскерлерімен іс-қимылдарды үйлестіру.

Іс жүзінде осы кезеңде 17 педагог біліктілік курстарынан өтті, бұл жоспарлы жылдық жоспарлаудың 80% құрайды (жоспар бойынша -4 педагог бар)

№	Аты-жөні	пәні	тақырыбы, өткен орны	сағат саны	сертификат номері, берген күні
1	Адамов Х.Б	Көркем еңбек	“Көркем еңбек” саласында жаңартылған білім беру мазмұны аясында	72	№3365, 14.12.2021ж

			пән құзіреттілігін дамыту» ППУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы қосымша білім беру институты		
2	Нығызбаева Ж.Ж	Химия	«Жаратылыстану және Химия мұғалімдерінің құзыреттерін дамыту» педагогикалық шеберлік орталығы» ДББҰ	80	19.04.2024 №061481
		Физика	«Физика мұғалімдерінің құзыреттерін дамыту» педагогикалық шеберлік орталығы» ДББҰ	80	03.04.2024 №069496
3	Алишева А.К	Қазақ тілі мен әдебиеті	"Дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру, "Өрлеу" БАҰО	80	№00002543, 03.12.2022ж
4	Кажмагамбетова Р.Ж	Бастауыш сынып	"Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту", "педагогикалық шеберлік орталығы" ДББҰ	80	21.07.2021ж
5	Жусупова М.А	Тарих-география	«Тарих мұғалімдерінің пәндік құзыретін дамыту» педагогикалық шеберлік орталығы «Жаратылыстану және география мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» педагогикалық	80 80	27.03.2024ж №077533 27.03.2024ж №077397

			шеберлік орталығы ДББҰ		
6	Атыгулова А.С	Педагог-психолог	"Жаһандық құзыреттіліктер " "Өрлеу" БАҰО	80	№0829211, 13.09.2024ж
7	Сматаев Ж.Р	Дене шынықтыру	«Дене шынықтыру педагогикалық кәсіби құзыреттілігі»	80	№0001817, 07.06.2024ж
8	Малгаждарова А.А	Бастауыш сынып	“Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту ” педагогикалық шеберлік орталығы ДББҰ	80	12.04.2024ж №077889
9	Кожмагамбетова А.Ж	Бастауыш сынып	“Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту ” педагогикалық шеберлік орталығы ДББҰ	80	12.04.2024ж
10	Малгаждарова Ж.М	ағылшын тілі	"Ағылшын тілі мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту" педагогикалық шеберлік орталығы ДББҰ	80	№018023 08.09.2023
11	Сергазина К.Б	Музыка	«Музыка пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» "Өрлеу" БАҰО	80	№0130316, 25.03.2022ж
12	Жусупова А.Т	Мектепалды даярлық сыныбы	«Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» "Өрлеу" БАҰО	72	№0710084 05.10.2023ж
13	Смаилова А.К	тәрбиеші	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру	235	№009543, 12.10.2021ж

			білім беру бағдарламасы педагогикалық шеберлік орталығы ДББҰ		
14	Теміршот Е.И	дене шынықтыру	"Дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру" «Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы » РМҚК	80	№00002544, 03.10.2022ж
15	Смагулова Т.К	тәрбиеші	«Бастауыш сынып педагогтерінің құзыреттілігін жетілдіру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту»	80	№502, 06.09.2024ж
16	Қонақбаева Р.С	Орыс тілі және әдебиеті	«Орыс тілі мен әдебиеті» бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру	160	№012591, 08.09.2020ж
17	Сабыр Н.А	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәні педагогтерінің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту (5-9 сынып)	80	№0599271, 28.10.2022ж
18	Мухамедьянова А.Б	информатика	«Информатика» пәнін оқытудағы педагогикалық инновациялар: педагогтердің кәсіби өсуіне арналған трендер пен практикалық стратегиялар»	80	№276 16.08.2024ж
			«Көркем еңбек пәні педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру»	80	№058 12.07.2024ж

			«USTAZ» педагогтерді үздіксіз кәсіби дамыту орталығы ЖШС		
19	Сыздыкова А.А	Математика	«Математика және информатика» пәндері бойынша шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту	80	№0711057 17.11.2023ж
20	Амирхан М.С	География-тарих			
21	Теміршот З.А	кітапханашы			

Тиісті бейін бойынша басшының және басшының орынбасарларының біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер туралы мәліметтер

№	Аты-жөні	лауазымы	тақырыбы, өткен орны	сағат саны	сертификат номері, берген күні
1	Адамов Х.Б	директор	«Көшбасшылық және шағын жинақты мектепті басқару»	80	№ 000378 1.07.2019
			«Білім берудегі менеджмент»	72	№ 2145 18.11.2020
2	Нығызбаева Ж.Ж	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	«Жаңартылған білім беру мазмұны аясында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының кәсіби құзыреттілігі»	72	№1903 30.08.2020
3	Сергазина К.Б	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары	«Ата-аналарды психологиялық – педагогикалық ғылыми-әдістемелік негіздері»	80	№5495 01.09.2023

Педагог кадрлардың өтілі бойынша мәліметтер

еңбек өтілі	2021- 2022 о.ж	2022 - 2023 о.ж	2023 - 2024 о.ж
-------------	----------------	-----------------	-----------------

5 жылға дейін	3	3	5
5-15 жыл	9	9	7
15-25 жыл	2	2	3
25жылдан жоғары	6	6	6
қорытынды	20	20	21

Ғылыми / академиялық дәрежесі бар педагогтердің үлесі

Жылдан жылға жас мамандар санының артуына байланысты ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистр академиялық дәрежесіне мектебіміздің не мектебіміздің 3 педагогы оқып жатыр.

2021-2022 о.ж	%	2022-2023 о.ж	%	2023-2024 о.ж	%
0		0		0	

Педагогтердің сапалық құрамының артқандығы 1 педагог жоғары оқу орнында сырттай оқып, екінші педагог екінші жоғары білім алууда.

Шығармашылық педагогтың жұмысында оқушыларды пәндік олимпиадаларға, конкурстарға дайындау да ерекше орын алады. Бұл кестеде біздің балаларымыздың аудандық, облыстық және республикалық конкурстарға қатысу деңгейі қандай екендігі көрсетілген.

Конкурстар мен жарыстардың қалалық және облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын дайындаған педагогтер туралы мәліметтер

№	Оқушының аты-жөні	пән, конкурстың атауы	нәтиже сі	деңгейі	уақыты	дайындаған мұғалімнің аты-жөні
1	Бейсенбай Айтжамал	«Алтын сақа» математикалық олимпиада	II орын	аудандық	17.11.2023	Сыздыкова А.А
		«Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы 5-сынып арасында математика»	III орын	аудандық	1.02.2024	Сыздыкова А.А
2	Адамова Ясмина	«Алтын сақа» математикалық олимпиада	III орын	аудандық	17.11.2023	Сыздыкова А.А
		«Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы 5-сынып арасында Қазақ тілі»	III орын	аудандық	1.02.2024	Алишева А.К

3	Жаныбек Нұртөре	«Алтын сақа» математикалық олимпиада математика	III орын	аудандық	17.11.2023	Сыздыкова А.А
4	Бәкібай Ерасыл	«Алтын сақа» математикалық олимпиада	III орын	аудандық	17.11.2023	Сыздыкова А.А
		«Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы 6-сынып арасында Қазақстан тарихы	III орын	аудандық	2.02.2024	Жусупова М.А
5	Жүсіп Айша	«Ақберен» шығармашыл оқушылар арасында өнер байқауы Қазақ тілі	III орын	аудандық	Қазан ,2023	Алишева А.К
6	Елдес Альбина	«Мағжан оқулары» Қазақ тілі	II орын	аудандық	Қараша,2023	Алишева А.К
		«Мен мамандықты таңдаймын» Қазақ тілі	III орын	аудандық		Амирхан М.С
7	Жүсіп Айша	«Ілияс Жансүгіров» Оқулары Қазақ тілі	II орын	аудандық	17.11.2023	Алишева А.К
		«Әбіш» оқулары Қазақ тілі	III орын	аудандық	21.12.2023	Алишева А.К
		«М.Мақатаев» оқулары қазақ тілі	III орын	аудандық	20.10.2023	Алишева А.К
		«Жемқорлық» туралы эссе байқауы Қазақ тілі	II орын	аудандық	16.02.2024	Алишева А.К

		«Арман алға жетелейді» онлайн байқау Қазақ тілі	II орын	аудандық	23.02.2024	Алишева А.К
8	Мұстафа Ырысты	«Мен мамандықты таңдаймын» эссе байқауы	сертификат	аудандық	13.02.2024	Амирхан М.С
9	Түлеулен Жазира	«Жас мобилограф» байқауы	II орын	аудандық	13.02.2024	Амирхан М.С
10	Рахмет Ахметбек	«Балалар көзімен мұражай»	III орын	аудандық	17.04.2024	Амирхан М.С
11	Амангелді Ләйлім	«Мәшһүр Жүсіп оқулары» қазақ тілі	II орын	аудандық	Сәуір, 2024	Сабыр Н.А
12	Түлеулен Жолдыбай	«Кенгуру» математикалық олимпиадасы	II дәрежелі	республикалық	26.09.2023	Кожмагамбетова А.Ж
		«Кенгуру» математикалық олимпиадасы	II дәрежелі	республикалық	25-30.04.2024	Кожмагамбетова А.Ж
13	Бейсенбай Айтжамал	«Кенгуру» математикалық олимпиадасы	III дәрежелі	республикалық	26.09.2023	Сыздыкова А.А
14	Амангелді Рамазан	Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында аудандық Оралхан Бөкей оқулары	3 орын	аудандық	24.04.2024	Сабыр Н.А
15	Амангелді Ләйлім	Жалпы білім беретін мектеп оқушылары	2 орын	аудандық	24.04.2024	Сабыр Н.А

		арасында аудандық Оралхан Бөкей оқулары							
16	Түлеулен Жазира	Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық «Ауыл олимпиадасы» облыстық кезен катысушысы /қазақ тілі/	сертификат	облыстық	20.11.2023	Алишева А.Қ			
17	Жұмабай Бейбарыс	Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық «Ауыл олимпиадасы» облыстық кезен катысушысы /қазақстан тарихы/	сертификат	облыстық	20.11.2023	Жусупова М.А			
18	Самарханов Алижан	«Күй шебері- 2024» байқауы	3 орын	аудандық	19.03.2024	Серғазина Қ.Б			
19	Амирхан Жексенбай	«Күй шебері- 2024» байқауы	3 орын	аудандық	19.03.2024	Серғазина Қ.Б			
20	Мұстафа Әли	«Күй шебері- 2024» байқауы	3 орын	аудандық	19.03.2024	Серғазина Қ.Б			
21	Амирхан Жексембай	«Өр Алтайдың өрлі жазышысы»	3 орын	аудандық	24.04.2024	Сабыр Н.А			
22	Мұстафа Иманжүсіп	«Кенгіру» математикалық олимпиадасы	II дережелі	республикалық	25- 30.04.2024	Кожамбетова А.Ж			

23	Сәтбек Алихан	«Кенгуру» математикалық олимпиадасы	II дәрежелі	республикалық	25-30.04.2024	Кажмагамбетова Р Ж
24	Рахмет Ахметбек	«Кенгуру» математикалық олимпиадасы	III дәрежелі	республикалық	25-30.04.2024	Кажмагамбетова Р Ж
25	Бейсенбай Мирас	«Кенгуру» математикалық олимпиадасы	II дәрежелі	республикалық	25-30.04.2024	Кажмагамбетова Р Ж
26	Сәтбек Ислам	«Кенгуру» математикалық олимпиадасы	I дәрежелі	республикалық	25-30.04.2024	Малгаждарова А.А
27	Сабит Арман	«Кенгуру» математикалық олимпиадасы	II дәрежелі	республикалық	25-30.04.2024	Кажмагамбетова Р Ж
28	Базен Адия	«Кенгуру» математикалық олимпиадасы	III дәрежелі	республикалық	25-30.04.2024	Кажмагамбетова Р Ж
29	Жукенов Айбат	«Кенгуру» математикалық олимпиадасы	I дәрежелі	республикалық	25-30.04.2024	Малгаждарова А.А

Қорытындылар:

- бағыттар бойынша ғылыми жобаларды дайындау шеңберінде дарынды оқушылармен жұмысты күшейту.

Сонымен қатар, шұғыл түрде шешілуі және білім беру үдерісіне енгізілуі қажет көптеген мәселелер мен проблемалар бар.

* білім беру процесіне тұлғалық-бағдарланған, денсаулықты сақтайтын, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды енгізуді жалғастыру;

* үйірме және факультативтік қызмет бойынша бақылау мен жұмысты күшейту;

* пәндік әдістемелік бірлестіктер әртүрлі тренингтерге, семинарларға, конференцияларға қатысу арқылы пәндік жобаларды неғұрлым белсенді ұйымдастырып, әзірлеуі, озық педагогикалық тәжірибені талдауы және таратуы қажет;

* формативті бағалау әдістері мен әдістерін зерттеу және енгізу;

* аудан, облыстық және республиканың білім беру ұйымдарына тарату және енгізу үшін өз авторлық бағдарламалары мен құралдарын жасау және әзірлеу бойынша педагогтердің жұмысын жандандыру.

Ұсыныстар:

1. Жаңа білім беру технологияларын меңгеру бойынша мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру;

2. Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тәжірибесін анықтауды, қорытындылауды және таратуды жалғастыру;

3. Кәсіби шеберлік конкурстарына белсенді қатысу;

4. Отырыстарды өткізу нысандарын әртараптандыру (коучинг, дөнгелек үстел, шығармашылық есеп, іскерлік ойындар, семинар-практикумдар);
5. Сабақта және сабақтан тыс уақытта олимпиадаларға, конкурстарға, жобаларға дайындық бойынша білім алушылармен мұғалімдердің жұмысын бақылауды күшейту;
6. Тәлімгерлік жүйесін дамыту және жетілдіру;
7. Мұғалімдердің әріптестерінің сабаққа қатысуын бақылауды күшейту

3. Білім алушылар контингенті

Оқушылардың сабақ режимі:

Мектеп 2 ауысымда жұмыс істейді: 0-9 сыныптар - бес күндік оқыту. Барлығы 10 сынып, мемлекеттік тілде – 10

Оқушыларды қабылдау тәртібі:

Мектеп білім туралы заңнамаға сәйкес дайындық деңгейіне қарамастан алты жастан бастап балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

Қабылдау білім туралы құжаттарды, белгіленген үлгідегі медициналық анықтаманы, туу туралы куәлікті немесе жеке куәлікті, көлемі 3x4 см фотосуретті қоса бере отырып, оқушылардың ата – аналарының (немесе өзге де заңды өкілдерінің) жазбаша өтініші негізінде басшының бұйрығымен ресімделеді-электрондық портал арқылы egov.kz мемлекеттік қызмет көрсету ережесіне сәйкес жүргізіледі.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Жұмыс оқу жоспары

Оқу-тәрбие процесі келесі нормативтік-құқықтық база негізінде реттеледі:

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары

*«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы

*«Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысы

*«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

*«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.08.2022 №376 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

*«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 07.06.2022 №265 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

*«Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы

*«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 жылғы №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

*«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы

*«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

2021-2026 оқу жылдарына арналған мектептің даму бағдарламасы бар. Мектептің мақсаты: оқу – тәрбие үрдісінде инновациялық қызмет сапасын арттыра отырып, бәсекеге қабілетті, білімі терең, интеллектуалды, шығармашыл, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеяларға бағда

Мектептің әдістемелік тақырыбы: "Білім беру кеңістігін жаңғырту жағдайында оқытудың тиімді инновациялық нысандары мен әдістерін пайдалану арқылы білім алушылардың білім сапасын, құзыреттілігін арттыру".

Тәрбие жұмысы

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.

-білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.

Мектептегі тәрбие жұмысы нормативтік-құқықтық база негізінде жүзеге асырылады:

- 1) БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі;
- 4) "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы;
- 5) "тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Қазақстан Республикасының Заңы;
- 6) "Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Қазақстан Республикасының Заңы;
- 7) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайында Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері.
- 10) ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020.06.12. № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған "құндылықтарға негізделмеген білім беру" жобасы.

Мектептің тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша, тәрбие жұмысының жылдық мектеп жоспары негізінде құрылады:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты

«Балтасап негізгі мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылына тәрбие жоспары қыркүйек айында қаралып, бекітілді. Жоспарға сай әр ай сайын мектепшілік іс-шаралар жоспары шығарылып отырылды. Сол жоспар бойынша жауаптылар оқушылармен іс-шараларын өткізді. Әр іс-шара инстаграм парақшаларына жарияланды.

1 қыркүйек күні облыстық «Менің туым» жобасы аясында мемлекеттік туды көтеру рәсімі жасалынады. Тәрбие жоспары бойынша мектептің психолог маманы Атыгулова А.С. «Отбасылық құндылықтар» тақырыбында тренинг пен 1 сынып оқушыларынан «Мектеп оқу қабілетін зерттеу» тақырыбында тест алды. Мектеп психолог маманы Атыгулова А.С. 8 сынып оқушыларына Парасаттылық сағатын, «Мейірімділік - асыл қасиет » тренинг, 7 сынып оқушыларына «Социометрия әдісін» қолданды. 5 сынып оқушыларына «Социометрия әдісін» қолдану арқылы «мен және менің сыныбым» атты тренинг өткізді. 1 сынып ата-аналарымен «Баланы мектепке оқытуға бейімдеу» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді. 1 сынып оқушыларына «Мектеп өмірінің ережесі» бейімдеу сабағы, 5 сынып оқушыларына «Күлте» әдістемесін жүргізді, «Әлептілік әлеміне саяхат» тренингтері өтті. 4,9 сынып оқушыларынан стресске төзімлігін анықтау Ховарст тесті алды. 17 қыркүйек күні Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы өтті.

«Ізденіс және тәрбие» жобасы негізінде бастауыш сынып оқушыларына интеллектуалды ойындар өткізілді.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»

жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, басшылыққа ала отырып, бұйрық шығарылды

1.2023-2024 оқу жылында мектепте ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталық жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылсын;

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

1. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
2. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Мектепішілік отбасы күні бойынша жоспар жасалынды. Жоспарға сай «Менің отбасым» суреттер сайысы, эстафеталық ойын, «Мен және отбасым» фотоколлаж байқауы өтті.

Ұстаздар күні бойынша жоспар жасалды. Жоспар бойынша оқушылар ұстаздарын құттықтау бейнероликтерін жасады, «Ұстаз ол ...» челлендж, «Ұстазынды құттықта» акциясы, «Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік» сынып сағаты, мектеп түлектері ұстаздарына бейнероликтерін ұсынды, осы мерекенің жоспары бойынша мектебімізке Дублер күні өткізілді.

Қарттар күніне орай «Менің сүйікті атам мен әжем» фотосурет көрмесі, «Қарттарды аялайық» сынып сағаты, қарттар күнімен оқушылар бейнебаяндарымен құттықтады. Мектеп оқушылары ауылымыдың қарттарына барып көмектесіп, құттықтап қайтты. Би шашу жасады, ауылдық клуб ұйымдастырушысымен бірігіп концерттік бағдарлама өткізілді.

Мектепте 26 қазан күні 1-9 сынып оқушылар арасында «Алтын күз» мерекесі аталып өтті. Барлық оқушылардың өнері, колөнерлері инстаграм парақшасына жүктелді.

Мектебімізде үйірме, спорттық секция жұмысы. Мектебіміз бойынша жалпы 4 ақылы үйірме ұйымдастырылған. Олар «Тогыз құмалақ», « Шахмат әлемі», «Әсем саз » домбыра үйірмесі, «Цифрлық әлем» атты үйірмелері. Мектепте ақысыз үйірмелер де жұмыс жасайды. Жалпы 4 ақысыз спорт секциясы бар. Олар волейбол (ұлдар, қыздар), теннис, грепплинг, футбол. Аталған үйірмелердің жоспары бекітілген, мақсат, міндеттері бар, оқушылардың тізімі құрылған. Қыркүйек айында үйірме, спорт секциясының кестесі құрылып бекітілді. Барлық іс-шаралар уақытылы, спалы түрде өтеді. Үйірме жетекшілері айлық, жартыжылдық, жылдық есептерін жазып отырады. Каникул уақытында жоспар бойынша үйірмелер жұмыс жасайды. Оқушылардың бос уақыты қамтамасыз етілген.

Тәрбие жоспары бойынша Даярлық тобының оқушыларына, «Балдырған» шағын орталығының бүлдіршіндеріне 18 қазан 2024 жылы КММ Балтасап НМ «Балдырған» ШО-да «Алтын күз!» тақырыбында балаларға күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру. Күз сыйын қындару, күз байлығы қалай келетінін айтып түсіндіру мақсатында мерекелік кеш өткізілді.

15 желтоқсан КММ Балтасап НМ «Балдырған» ШО «Отаным менің – Қазақстан» тақырыпқа арналған тақпақтарын ШО бүлдіршіндері айтып челленджге қатысты.

27.12.2023 ж сағат 14:00-де КММ Балтасап НМ «Балдырған» ШО-да «Қош келдің - Жаңа жыл!» атты жаңа жылдық ертеңгілік өз деңгейінде өтті. Балалардың көңіл күйі ғажайып оқиғалармен үйлесім тапты.

13.02.2024 ж КММ Балтасап НМ «Балдырған» ШО-ның бүлдіршіндері «Мақал- сөздің азығы, Жұмбақ- ойдың қазығы» атты райондық онлайн конкурсына қатысты.

01.03.2024 күні КММ Балтасап НМ «Балдырған» ШО бүлдіршіндері « 1 Наурыз алғыс айту күніне» құттықтауларын айтып райондық «Барлығына рақмет» челленджге қатысты.

07.03.2024 күні КММ Балтасап НМ «Балдырған» ШО-да 8 наурыз мерекесіне орай «АНА-аса қымбат жан!» атты мерекелік іс-шара арқылы бүлдіршіндерді шығармашылыққа баулу, сұлулықты сезіне білуге, мейірімділікке, үлкенді құрметтеуге, ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу мақсатында іс-шара өткізілді.

Наурыз айында «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» атты облыстық байқауның аудандық кезеңінде 1 – орынға иеленген КММ Балтасап НМ «Балдырған» ШО тәрбиеленушісі Бейсенбай Медина және 2 – орынға иеленген Жексенбай Айтжангүл дипломмен марапатталды. «Ханталапай» атты облыстық байқауының аудандық кезеңінде 1 – орын иеленген КММ Балтасап НМ «Балдырған» ШО тәрбиеленушілері Ибрагим Тамирис, Сатбек Айкөркем, Жаксылыкова Аяла, Мейрамова Зере, Жантас Милана дипломмен марапатталды.

20.03.2024 күні Ұлыстың ұлы күні Наурыз – жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс-берекенің арқауы, тек адамзаттың ғана емес, табиғаттың да жаңарып, бой түзейтін шағы. Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілткен, төрт түлік төлдеп, арқабасы кеңіп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз мерекесі Тәуелсіз елімізде зор ықыласпен тойланады.

Осыған орай Наурыз мерекесі КММ Балтасап НМ «Балдырған» ШО-да "Жаса, Наурыз думан" атты мерекелік іс-шарамен аталып өтті. Салтанатты шарада киіз үй тігіліп, дастархан жайылып, қонақтарға Наурыз көже ұсынылды.

03.04.2024 күні «Ғарышкерлер күні» облыстық сурет салу байқауына қатысып Аян Наргиза, Жексенбай Айтжангүл, Бейсембай Медина 3 орындармен марапатталды.

11.04.2024 күні КММ Балтасап НМ «Балдырған» ШО-ның тәрбиеленушілері XXIV «Бүлдіршін» облыстық фестиваліне қатысып Аян Наргиз «Кел, балалар, оқылық» атты өлең орындап 2 орынды иеленді. Жаксылыкова Аяла «Әсемпаз болма әр неге...» өлең шумақтарын орындап 3 орынды иеленді. Жукенова Айсана «Ғылым таппай мақтанба» өлең шумағын орындап 3 орынды иеленді.

15.04.2024 күні «Мен зерттеушімін» атты райондық конкурстан Ибрагимова Тамирис 3 орынды иеленді. Бүлдіршіндерге «Қауіпсіз терезе» акциясы аясында, бала жарақатын алдын алу бойынша түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Облыстық Экобоот жобасы аясында «Болашақ» акциясы негізінде 1 сынып оқушылары ата-анасымен мектеп ауласының маңына ағаш орнатты. «Энергия және су болашақ үшін» акциясы ұйымдастырылды. «Қолданылған батареялар мен ПВХ өнімдерін жою» акциясы 1-4 сынып оқушылар арасында бастау алды.

Қаңтар-ақпан айларында «Жақсылық жаса» пластикалық қалпақшаларды жинау акциясы аталып өтті. Барлық оқушылардың жинаған қалпақшалар саны-206 дана болды. 3л пластикалық бөтелкеге қалпақшаларды салып, сыртына мектептің аты жазылып ауданға тапсырылды. Сонымен қаңтар айында «Қалдықты кіріске айналдырамыз» акциясы өтті. Ақпан айында оқушылар «Құстарға арналған кафе» акциясына қатысып, мектеп ауласындағы ағашқа ілді.

Еріктілер жоспары бойынша «Жасқырандардың мектеп ауласын тазалау» акциясы, «Құтқарушылар күні» мерекесі аясында «Менің дабыл чемоданым» тақырыбында бейнеролик, күзгі демалыс жоспары аясында «Қозғалыс - өмір» челлендж өтті, «Адамға қуаныш сыйла» акциясы, «Менің қолымнан келеді» челленджге қатысты. «Сөз құдыреті» көнерген сөздерді жаңғырту акциясы, «Жанында жүр жақсы адам» акциясы өтті. 9 сынып оқушыларына «Қоғамдық тәртіп негіздері» атты дөңгелек үстел өтті. Еріктілер тобы «Қайырымдылық сенің жаныңда» әлеуметтік акциясын қолдап қарт ата-әжелеріміздің үйіне барып, көмек көрсетті. Мектеп ұжымы мен оқушылары сенбіліктерде, әр жұма күндері мектеп ауласын жинап, тазалау жұмыстарын жүргізді. Еріктілер тобы «Мейірімділік – татулықтың кепілі» челленджіне қатысып, гүлдерді

суарып, күтіп баптады. Халықаралық Жер күніне орай «Эко CROSS» акциясы өткізілді. Мамыр айында еріктілер тобы «Ардагерлерге жәрдемдесу» акциясына қатысып, қарт ата-әжелеріміздің үйіне барып, көше ауласын тазалап берді. **«Салауатты өмір салтын сақтау» жоспары бойынша өткен іс-шаралар.**

АИТВ алдын алу апталығы бойынша «Тұмау туралы не білу керек?», «Тұмау таралы не білесін», «Вакциналау – сіздің денсаулығыңызға құқығыңыз!» дәріс, «Тұмаудың алдын алу 2024» эссе, мектеп ұжымына «Ересектерді иммундау-коғам үшін экономикалық пайдалы» тақырыбында денсаулықты сақтау және нығайту мәселелерінде шекара деңгейін арттыру үшін дәріс оқыды, «Тұмау және ЖРВИ маусымында дұрыс тамақтанудың маңызы» ата-аналар жиналысы, медбике Смагулова К.Т. 5-9 сынып аралығында «АИТВ жұрпасы мәселелері және олардың алдын алу» сынып сағаты, «Болашақ өз қолымызда» психологиялық тренинг өтті.

«АҚТБ/ ЖҚТБ» айлығы бойынша Аға тәлімгер медбикенің қатысуымен «АҚТБ/ ЖҚТБ- ғасыр дерті» тақырыбында дөңгелек үстел, «АИТВ/ЖҚТБ-ғасыр дерті» тақырыбында ақпараттық стенд жасалды, мектеп оқушыларынан АИТВ/ЖҚТБ туралы білім деңгейлерін анықтау мақсатында сауалнама алынды, «АИТВ және ЖҚТБ жұрпалы аурулардың алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел, «Біз АИТВ және ЖҚТБ- ға қарсымыз» суреттер байқауы, «Біз өмірді таңдаймыз» челленджге қатысты. Мектеп медбикесі 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне арналған «Денсаулықты баптаймыз, өмірімізді сақтаймыз» тақырыбында отырыс жасап, түсіндірме жұмысын жүргізді. СӨС сақтау бойынша мектеп оқушылары таңғы жаттығулар жасайды. Еуропалық иммундау апталығы аясында «Екпенің пайдасы мен зияны» атты сауалнама алынды. Еуропалық иммундау апталығы жоспарына сай ауылдық амбулаторлық пункт медбикесі Каппасова Б.К. мен мектеп медбикесі Смагулова К.Т. «ҚР профилактикалық екпе егу ұлттық күнтізбесіндегі екпелердің маңызы» тақырыбында 7-9 сынып оқушыларына дәріс сабағын өткізді.

«Вейп денсаулыққа өте қауіпті» апталығы бойынша оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді, «Ұрпақ саулығы – ұлт саулығы» сынып сағаты, «Электронды темекінің зардабы» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Тәрбие жоспары бойынша мектеп кітапханашысы атқарған жұмыстары. Теміршот З.А. «Саин Мұратбековтың туғанына 85 жыл» көрме, «Вакциналау- ең үздік қорғаныс» суреттер конкурсы, ұстаздар мен оқушыларға арнап «Буккросинг» бұрышын жасады, «Қолөнер зор өнер» көрме, «Экология-табиғат жүрегі» көрме, «Кітапты қолдану ережесі» кітапханалық сағат, «Тәуелсіздік-елімің ерлік жолы» көрме, «Көп ұлттың татулығы-бірлікте» көрмелері ұйымдастырылды, «Кітап біздің досымыз» қызықты кітаптар оқуды ұйымдастырды. Республика күні «Көк тудың желбірегені» 25 – қазан Республика күні **Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу. **Ар-ұят:** әдеп нормаларын ұстану

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу. **Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу.

23 қазан күні «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында қазан айындағы жоспар бойынша бірыңғай Әнұран орындау челленджі өткізілді.

9-сынып оқушысы Жүсіп Айша Әбіш Кекілбаевтың “Шыңырау” повесінен үзінді оқыды. 1-сынып оқушысы Аян Малика “Ана тілі” атты өлеңін мәнерлеп жатқа оқыды. 5- сынып оқушыларымен “Кітап менің досым” атты іс-шара өткізілді. «Кітап - біздің досымыз» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларымен шағын әңгімелесу болды. 9-сынып оқушыларымен Қазақ әдебиетінің майталманы Ғабит Мүсіреповтің 120 жыл толуына байланысты өлеңдерінен үзінді оқылды. 8-сынып оқушыларымен "Бір ел - бір кітап" акция шеңберінде Төлен Әбдіктің "Қонақтар" шығармасынан үзінді оқылды. 6-сынып оқушысы Мұстафа Әли Абай Құнанбайұлының "Мен жазбаймын өлеңді ермек

үшін” өлеңін мәнерлеп оқыды. 4- сынып оқушысы Рахмет Ахметбек Ғафу Қайырбекұлының “Ана тілі” өлеңін мәнерлеп оқыды.

Тәрбие жоспары бойынша тарих пәнінің мұғалімдерінің өткізген іс-шаралары. «Тарих тағылымы» тақырыбында тарих сағатын өткізді, Тарих пәнінің мұғалімі Жусупова М.А.. 8-9 сынып оқушылар арасында Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Токтар Әубәкіровтың 76 жылдығына орай «Жүзден жүйрік» космеквестін өткізді. Тарих мұғалімдері «Тарихқа тағзым күні» дөңгелек үстел отырысын өткізді. «Кітап әлеміне кіретін сиқырлы есік» атты іс-шара өткізді. «Тарихи романдар» және «Қазақ қаламгерлері» тақырыбында облыстық акцияға оқушылар белсене қатысты. І. Есенберлин, М.Мағауин, Ә. Кекілбаев, Ә. Әлімжанов сынды тұлғалардың өмірімен, еңбектерін зерттеп, таныстырды. «Тарих мұрасы» атты презентация көрмесін өткізді. Тарих пәнінің мұғалімдері "31 мамыр қуғын сүргін құрбандарын еске алу" күніне тарихи кеш өтті.

Жас Ұлан мен Жас Қыран жоспары бойынша Аға тәлімгер Жас Ұлан ұйымының мүшелерімен кезекті отырыс өткізді, оқушылар облыстық «Шанс» акциясына қатысты, Тәлімгерге арналған «Бастау онлайн мектебі», «Салауатты activity» жобасы аясында Жас Ұландарға арналған спорттық эстафета өтті. Аға тәлімгер Жас Ұлан мүшелеріне «тәуелсіздік Ұландары» интеллектуалдық ойын, мектепшілік «Президент сайлауы» өтті, «Рухани адамгершілік тәрбие қоғамның төзімділігінің негізі» дөңгелек үстел, «Біз – Қазақстанның болашағымыз» атты челленджге қатысты, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті, біріккен күндер күнтізбесі «Жеті жарғы» бойынша 8-9 сыныптармен «Своя игра» интеллектуалдық ойыны, «Ұшқыр ой аланы» мектебімізде тәрбие жоспарына сәйкес дебат-пікірталас ойыны қолға алынып, мектеп ішінде 8-9 сынып оқушылар арасында пікір – талас ойыны ұйымдастырылды, «Қысқы фотошашу» фотосессиясы, оқушылар мектебіміздегі «Атамұра» мұражайына саяхат жасады, Жас Ұландықтарға «Адамгершілік – асыл қасиет» атты тәрбие сағаты өтті. 29 наурыз күні 7-9 сынып арасында «Галамтордың пайдасы мен зияны» атты пікір сайыс өтті. Жас Ұлан мен Жас қыран оқушыларымыз Павлодар облысының ББЖҰ «Жас Ұлан» ұйымының «Жетістік.fm» көшбасшы семинарына қатысты. Мектебіміздің 1 сынып оқушыларына Жас Қыран ұйымының қатарына қабылданды. «Жеті қазына» облыстық жобасының салауат бағыты бойынша Жас қырандарға «Мен салауат жолындамын» спорттық эстафетасы өтті.

Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша «Қазақ асханасының бірегей тағамдары» жобасы аясында 5-9 сынып оқушылар аралығында «Ұмыт бола бастаған тағамдар» атты викторина сайысы, «Мамандықты таңдау болашақты таңдау» дөңгелек үстел, «Дені саудың – жаны сау» эстафеталық сайыс, мектепте «Атамұра» мұражайының салтанатты түрде ашылды. Наурыз айында мектепшілік «Асық ату» жарысы өтті. Сәуір айында 6-9 сынып оқушыларына мектепшілік Волейбол жарысы ұйымдастырылды. Оқушылар арасында «Арқан тартыс», «Көкпар», «Аударыспақ» атты қазақтың ұлттық ойындары ойнатылды. Еңбек пәнінің мұғалімі оқушыларға қыздар арасында «Ең іскер» атты аппликация жасаудан жарыс, ұлдар арасында «Ең шебер» қамшы өруден жарыстар өткізді.

Өткен сынып сағаттары: «Қазақстан- құқықтық мемлекет» ақпараттық сағат, «Қоқыссыз әлем», «Біз табиғатты қорғаймыз», «Не? Қайда? Қашан?» мамандық туралы викторинасы, «Тенге-ұлттық табыстың кепілі», «Толеранттылық ұлттық құндылық»,

Адал ұрнақ жоспары бойынша «Парасат сағаты» дәріс, «Адал және сатылмайтын еңбек» көрінісі бойынша суреттер салды, «Мемлекеттік қызметтерді алу» іскерлік ойын өтті. 2,4 сынып оқушыларына «Әдептілік-тәрбие бастауы» сынып сағаты, 5-9 сынып оқушыларына «Әділ адамның адамгершілік қасиеттері заңды жоқтатпайды» атты сынып сағаты өтті.

«Аққу» қыздар клубы жоспары бойынша мүшеліктегі қыздарға тренинг, мектеп медбикесі Смагулова К.Т. «Темекі тартқаның, өзінді құртқаның» дәріс, «Бақытты отбасы құпиясы» тренинг, «Қыз тәрбиесі-ұл болашағы» атты дөңгелек үстел, клуб мүшелеріне «Болашақ ананың бейнесі» әдеби монтаж көрсетілімі болды. Мектеп медбикесі қыз балаларға «Жасөспірім арасында жүктілік» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізіліп, сауалнама алынды.

«Бала құқығы-Адам құқығы» айлығы аясында, құқықбұзушылықтың алдын алу жоспары бойынша «сенің құқықтарын мен міндеттерін» атты сауалнама, «Ата-аналар мен мектептің серіктестігі» ата-аналарға арналған құқықтық сағат, «Бақытты ана-бақытты бала-бақытты отбасы-бақытты ел» ата-аналармен кездесу, «Бақытты балалық шақ» фотоконкурсы, «Балалар не туралы армандайды» бейне конкурс, «Әлем балалар көзімен» суреттер байқауы, «Бала Creative» көрмесі, «Кибербуллинг деген не?» сынып сағаты, «Интернет және Мен» атты тренинг, «Интернеттің пайдасы мен зияны» сауалнама, «Интернеттіг алаяқтық» тақырыбында кездесу іс-шаралары өтті.

«Ізденіс және тәрбие» жоспары негізінде «Инфо әлемі» үйірмесінің жетекшісі Мухамедьянова А. Оқушыларға «Ең әдемі киім-ұлттық киім» танымдық сағаты өтті.

Секция , үйірмелер жоспары бойынша күзгі каникул кезінде «Волейбол» жарысы өтті, «Болашақтың ұшқыр ойлы ұрпағы» шахмат турнирі, «Менің денсаулығым-менің болашағым» спорттық жарыс, «Болашақ Сарбаз» патриоттық ойындары ұйымдастырылып өткізілді. Қысқы демалыс уақытында мектепшілік «Волейбол» жарысы өтті. Сәуір айында 7-9 сыныптың ер балалары арасында «Үстел теннис» жарысы, «Жас шахмат» турнирі өтті. 22 наурыз мерекесіне орай «Арқан тартыс», «Қол күрес» ұлттық ойындары ұйымдастырылып, флешмоб билеп, іс-шара сонында қортытындысы шығып оқушылар марапатталып, сыйлықтар табысталды. **«Қатыгездік және зорлық зомбылықсыз балалық шақ» айлығы бойынша** 5-6 сынып оқушыларына «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаты, «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ақпараттық видеоролик көрсетіліп, оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді, ауылымыздың участок инспекторы Ибраев Т.Т. онлайн форматта «Мектеп-қатыгердіксіз, зорлық зомбылықсыз аумақ» дәріс, «Қорлық зомбылықсыз балалық шақ» сауалнамалар алынды.

Мектепте Жаңа жыл әр сыныпта жеке-жеке өтті. Әр сыныптар мен мектеп іші меркеге байланысты безендірілді. Әр сынып өздерерінің өнерлерін көрсетіп, Аяз ата мен ақшақарға дайындаған өлен, тақпақ шумақтырын, құттықтау тілектерін айтып тәтті сыйлықтарын алды. Әр сынып оқушылары сыйлықтарын алды.

Желтоқсан айында оқушыларға қысқы демалыс бойынша жоспар жасалды. Жоспар бойынша «Өз қолымнан жасаған сыйлық» акциясы, «Қауіпсіз демалыс» атты бейнероликтері көрсетілді, «Жаңа жыл отбасылық мереке» фото коллаж байқауы, «Жаңа жылмен құттықтаймыз, отбасылық тілек сыйлаймыз» құттықтау челленджі, «Жаңа жыл символдары» постерлер салынды, «Менің хоббиім» байқауы, «Жігерлі ұлт» ұлттық ойыны, «Қыс кереметі» суреттер байқауы,

Бала жаракаты бойынша «Абайлаңыз улы газ! Пештен жылыту қауіпсіздігі» тақырыбында бейнероликтер көрсетілді, қысқы қауіпсіздік ережесі бойынша ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді, оқушыларға темір жол көлігі объектілеріндегі қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері туралы буклеттер таратылып, сынып сағаттары өтті. Өндірістік жаракаттанудың алдын алудың бірыңғай күнінде ҚЕ нұсқаушысы Сматаев Ж.Р мектеп ұжымымен кездесу өткізіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар сынып жетекшілер «Сақ болуды қажет ететін заттар» атты сынып сағаты, 1 сынып оқушыларына «Мен қауіпсіздік туралы білуім керек» атты сынып сағаты, 1-4 сынып оқушыларына «Жаман әдеттерге жол жоқ» сынып сағатын өткізді. 1-9 сынып оқушыларына «Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен

терроризм актісін жасау қаупі туындаған кездегі білім алушылардың іс-қимылы» тақырыбында сынып сағаты, «Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдептен» атты сынып сағаты, 5-6 сыныпқа «Өрт пен су қауіпсіздігі», 8 сыныпқа «Өрт қауіпсіздік ережелері», 7 сыныпқа «Қауіпсіздік ережелерін сақтайық» викториналық ойын, «Ғимараттардың, балкондардың және басқа да объектілердің шатырынан қардың мұздың түсуінен, көктайпақтан бала жарақаттануын алдын алу» бойынша түсіндірме түрде сынып сағаттары өтті. «Өзінді қорға» атты құқықтық бұрыш ұйымдастырылды. Даярлық топ оқушыларына «Қауіпсіз терезе» акциясы аясында, бала жарақатын алдын алу бойынша сынып сағаты өтті. Даярлық топ оқушылары мен «Ақбота» шағын орталығының бүлдіршіндеріне, мектеп оқушыларына «Қауіпсіз терезе» акциясы аясында, бала жарақатының алдын алу бойынша түсіндірме жұмысы мен сынып сағаттары өтті. 1-9 сынып оқушыларына «Жол көлік оқиғаларының себептері», «Көше мен ауладағы негізгі қағидалар», «Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері және олардың жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі» тақырыбында құқықтық сағаттар өткізілді.

